

FTAMP 19.41.41

<https://doi.org/10.26577/HJ20257738>**Ш.А. Атай^{1*}**, **М.Б. Владимирова²**, **Ж.Б. Есенбек³**¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан²М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу, Ресей³С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан

*e-mail: darksmerty@gmail.com

ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ЖУРНАЛИСТІК АЙҒАҚТАМА: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Демократиялық қоғамда журналистика – ақпараттың еркін айналымын жүзеге асырып, билік құрылымдарының есеп беруін, ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі. Журналистиканың түрлі бағыттарының ішінде журналистік айғақтаманың орны ерекше. Аталған бағыт ақпарат жинаумен шектелмей, қоғамнан жасырылған деректерді анықтау, сыбайлас жемқорлық фактілерін ашу, адам құқықтарының бұзылуын әшкерелеу және қоғамдық-саяси сипаттағы күрделі мәселелерді бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуынсыз мүмкін болмайтын жағдайларды жария етуге бағытталған терең әрі мұқият талдауда қамтиды. Алайда қазіргі кездегі журналистік айғақтама кәсібі дағдылармен қатар, мол ақпарат ағындарын сараптау және құпия деректерді іздестіру барысында заманауи технологияларды тиімді пайдалану қабілетін де талап етеді. Осы орайда жасанды интеллект зерттеу процесіне жаңа әдіс-тәсілдер мен құралдар ұсынып, ақпаратты жан-жақты әрі жылдам талдауға мүмкіндік беру арқылы маңызды рөл атқарады.

Бұл зерттеу Қазақстандағы айғақтамамен айналысатын журналистердің жасанды интеллект құралдарын қолдануын және олардың технологияларды қабылдау мен пайдалану кезінде туындайтын қиындықтарын талдауға бағытталған. Әдебиеттерге шолуда журналистік айғақтамаға талдау жасай отырып, жасанды интеллект құралдарының журналистикадағы мүмкіндіктері мен сын-тегеуріндері анықталды.

Зерттеу мақсаты – Қазақстандағы журналистік айғақтамада қолданылатын жасанды интеллект құралдарының тәжірибесіне талдау жүргізу. Мақсатқа қол жеткізу үшін іріктеу арқылы таңдалған журналистік зерттеу саласында жиырма журналистке сауалнама жүргізіліп, жасанды интеллектті қолданудағы маңызды аспектілер талданды. Зерттеу журналистердің тәжірибесінде қолданылатын ЖИ-дің негізгі құралдарын анықтауға, сондай-ақ осы технологияларды енгізу кезінде кездесетін кедергілері зерттеуге арналды. Нәтижелер үлкен деректерді талдау, кескінді көрнекілеу және мәтінді өңдеу құралдары журналистер арасында жиі таралғанын көрсетті. Алайда ЖИ пайдаланудағы негізгі кедергілерге технологияны енгізудің жоғары шығындары, білім мен тәжірибенің жетіспеушілігі және сапалы деректерге қол жеткізу мәселелері жатады. Техникалық қиындықтар, этикалық және құқықтық мәселелер аталған қызметтің кеңінен таралуын шектейді. Мақалада медиа сектор үшін қол-жетімді және ыңғайлы шешімдерді құрудың маңыздылығы, журналистердің біліктілігін арттыру және осы салада жасанды интеллектті тиімді және этикалық қолдану үшін реттеуші стандарттарды әзірлеу қажеттілігі көрсетілген.

Түйін сөздер: журналистика, журналистік айғақтама, жасанды интеллект, технологиялар, үлкен деректер, этика мәселесі.

Sh.A. Atay^{1*}, M.B. Vladimirova², Zh.B. Yessenbek³¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan²Moscow State University named after M.V. Lomonosov, Moscow, Russia³East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

*e-mail: darksmerty@gmail.com

Investigative Journalism in the New Era: The Experience of Using Artificial Intelligence

In a democratic society, journalism is one of the most important tools for ensuring the free flow of information, accountability and transparency of government agencies. Investigative journalism occupies a special place among the various fields of journalism. This field is not limited to information collection, but also includes in-depth and thorough analysis aimed at identifying data hidden from society, detecting corruption, exposing human rights violations, and uncovering complex socio-political issues that would not have been possible without the involvement of the media. However, modern investigative

journalism requires not only professional skills, but also the ability to effectively use modern technologies to analyze abundant information flows and search for confidential data. In this regard, artificial intelligence plays an important role by providing new methods and tools for the research process, allowing for a comprehensive and rapid analysis of information.

This study aims to analyze the use of artificial intelligence tools by investigative journalists in Kazakhstan, as well as to identify problems that arise in the adoption and use of technology. In the literature review, analyzing journalistic investigations, the possibilities and challenges of using artificial intelligence tools in journalism were identified.

The purpose of the study is to analyze the experience of using artificial intelligence tools in investigative journalism in Kazakhstan. To achieve this goal, a survey of two dozen journalists working in the field of investigative journalism were surveyed to analyze key aspects of the use of artificial intelligence. The study aimed to identify the main AI tools used in the practice of journalists, as well as to explore the obstacles they face when implementing these technologies.

The results showed that the most common tools among journalists are big data analysis, image visualization and text processing. However, the main obstacles to using AI are the high costs of technology implementation, lack of knowledge and experience, as well as problems with access to high-quality data. Technical difficulties, ethical and legal issues limit the widespread use of such services. The article emphasizes the importance of creating accessible and convenient solutions for the media sector, improving the skills of journalists and developing regulatory standards for the effective and ethical application of artificial intelligence in this area.

Keywords: journalism, investigative journalism, artificial intelligence, technology, big data, ethical issues.

Ш.А. Атай^{1*}, М.Б. Владимирова², Ж.Б. Есенбек³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, Москва, Россия

³Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

*e-mail: darksmerty@gmail.com

Журналистское расследование в новой эре: опыт использования искусственного интеллекта

В демократическом обществе журналистика является одним из важнейших инструментов обеспечения свободного потока информации, подотчетности и прозрачности деятельности государственных органов. Среди различных направлений журналистики особое место занимает журналистика расследований. Эта область не ограничивается сбором информации, но также включает в себя глубокий и тщательный анализ, направленный на выявление скрытых от общества данных, выявление коррупции, разоблачение нарушений прав человека и раскрытие сложных социально-политических проблем, которые были бы невозможны без участия СМИ. Однако современная журналистика расследований требует не только профессиональных навыков, но и умения эффективно использовать современные технологии для анализа обильных информационных потоков и поиска конфиденциальных данных. В этой связи искусственный интеллект играет важную роль, предоставляя новые методы и инструменты для исследовательского процесса, позволяя проводить всесторонний и быстрый анализ информации.

Данное исследование направлено на анализ использования инструментов искусственного интеллекта журналистами, занимающимися расследованиями в Казахстане, а также на выявление проблем, возникающих при принятии и использовании технологий. В обзоре литературы, анализируя журналистские расследования, были определены возможности и вызовы применения инструментов искусственного интеллекта в журналистике.

Цель исследования – проанализировать опыт использования инструментов искусственного интеллекта в журналистских расследованиях в Казахстане. Для достижения цели было проведено анкетирование двадцати журналистов, работающих в области журналистских расследований, с целью анализа ключевых аспектов использования искусственного интеллекта. Исследование было направлено на определение основных инструментов ИИ, используемых в практике журналистов, а также на изучение препятствий, с которыми они сталкиваются при внедрении этих технологий.

Результаты показали, что наиболее распространенными среди журналистов являются инструменты для анализа больших данных, визуализации изображений и обработки текста. Однако основными препятствиями в использовании ИИ являются высокие затраты на внедрение технологий, нехватка знаний и опыта, а также проблемы с доступом к качественным данным. Технические трудности, этические и правовые вопросы ограничивают широкое распространение таких сервисов. В статье подчеркивается важность создания доступных и удобных решений для

медиасектора, повышения квалификации журналистов и разработки регулирующих стандартов для эффективного и этичного применения искусственного интеллекта в этой области.

Ключевые слова: журналистика, журналистские расследования, искусственный интеллект, технологии, большие данные, этические проблемы.

Кіріспе

Қоғамдық маңызы бар мәселелерді ашық талқылау, билік құрылымдарының әрекеттеріне сын көзбен қарау және халықты шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету журналистік айғақтама-ның (журналистік зерттеу) негізгі миссиясына айналған. Аталған бағыт уақыт өткен сайын демократиялық қоғамның ажырамас бөлігіне айналып келеді. Ол жасырын құқық бұзушылықтарды, жүйелі сыбайлас жемқорлықты әшкерелеуде және азаматтардың саналы шешім қабылдауына ықпал ететін пәрменді құрал ретінде қалыптасты. Осындай әлеуметтік маңызы зор материалдарды дайындау үдерісі жеңіл еңбек емес. Айғақтама репортерлері бір тақырып төңірегінде зерттеу жүргізіп, мәліметтерді қолмен жинап, сұрыптап, талдауға апталап, кейде айлар бойы уақыт жұмсайды. Олар шындықтың бетпердесін ашу үшін табандылықпен еңбек етіп, әрбір дерек пен куәлікті мұқият тексереді.

Алайда цифрлық дәуірдің орнауымен ақпарат ағыны күрт ұлғайып, журналистика алдына жаңа мүмкіндіктермен қатар сын-қатерлер қойды. Енді журналистер дәстүрлі әдістермен шектелмей, әлеуметтік желілер, қаржылық есеп-қисаптар, мемлекеттік тізілімдер мен ашық дереккөздерден алынатын орасан көлемдегі мәліметтермен жұмыс істеуге мәжбүр. Мұндай жағдайда ақпаратты тиімді өңдеу мен талдауға мүмкіндік беретін жоғары технологиялық құралдардың қажеттілігі арта түседі. Осы тұрғыда жасанды интеллект (ЖИ) журналистік тәжірибені түбегейлі өзгертетін қуатты технологиялық фактор ретінде алға шықты. Ол деректерді өңдеудің жаңа тәсілдерін ұсына отырып, ақпараттың үлкен көлемімен жылдам әрі дәл жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Jamil (2021) зерттеуіне сәйкес, журналистикадағы автоматтандырулардың жарқын мысалдарының бірі – «The New York Times» редакциясындағы деректерді әртүрлі көздерден алуға мүмкіндік беретін Really Simple Syndication (RSS) ЖИ белсенді қолданылуы. Одан бөлек, BBC арнасы да деректерді алу және аудиторияны уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін RSS технологияларын пайдаланады

(Moses, 2017). Журналистік айғақтама саласында RSS арналары сынды құралдарын, сондай-ақ деректерді талдаудың күрделі алгоритмдерін қолдану журналистерге көптеген ақпарат көздерінен жедел деректер жинауға және жаңалықтарды уақытылы жаңартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, соңғы уақытта ЖИ құралдары айғақтама журналистері мен фактілерді тексеру мамандары жұмысының дәлдігі мен сенімділігін арттыру құралы және жалған деректерді анықтау саласында жиі көрініс тауып келеді.

Бұл зерттеу Қазақстандағы журналистік айғақтамадағы жасанды интеллектті қолдану тәжірибесін зерттеуге бағытталған. Біз айғақтама журналистері тәжірибесінде жаңа технологияларды енгізумен қатар жүретін мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндерді бағалауға, сондай-ақ ЖИ қазақстандық медиа-практика және ақпараттық экожүйе контекстінде айғақтама жұмысына көзқарастарды қалай өзгерте алатынын қарастырдық.

Зерттеу мақсаты – отандық журналистік айғақтамада қолданылатын жасанды интеллект құралдарын анықтау, осы саладағы ЖИ әлеуетін талдау, сондай-ақ, пайдалану кезінде туындайтын мәселелерді бағалау.

Әдебиеттерге шолу

Журналистік айғақтама (Investigative journalism) – күрделі қоғамдық, саяси немесе экономикалық мәселелерді мұқият және жан-жақты зерттеуге бағытталған репортаждық зерттеудің ерекше түрі. Сала қолда бар деректерді терең талдаумен қатар, жасырын түсіру, анонимді дереккөздер немесе жабық құжаттарды талдау сияқты стандартты емес жұмыс әдістерін қолдана отырып, жаңа ақпарат көзін белсенді іздеуді қажет етеді. Журналистік айғақтама саяси сыбайлас жемқорлық, корпоративтік құқық бұзушылық, билікті асыра пайдалану, сондай-ақ қоғамға қауіпті әрекеттердің басқа түрлері сынды жасырын, жүйелі түрде еленбейтін мәселерді анықтауға бағытталған. Аталған процесс қоғамдық қызығушылық үшін маңызды фактілерді толыққанды ашуды қамтып, журналистен кәсіби дағдылар мен жалпы қоғамға өзгертулер

өкелетін шындықты ашуда моральдық жауапкершілікті талап етеді (Нохха, 2019).

Айғақтама репортажы – ақпарат жинаудың стандартты емес әдістерін қолдана отырып, қоғамдық күрделі мәселелер туралы маңызды ақпаратты ашатын репортаж түрі. Күнделікті репортаждардың көпшілігінде зерттеу элементтері бар, бірақ нақты айғақтама оқиғалары ерекше уақыт пен энергияны қажет етеді (Bjerknes, 2020).

Dahal (2023) және Jaisal (2024) пікірінше, журналистік айғақтама қоғамдық мүдделерге әсер ететін теріс қылықтар туралы ақпаратты ашумен ерекшеленеді. Asemah (2011) келтірген мәліметтерде зерттеу журналисі басқа тілшілерден ерекшеленетіні айтылады. Себебі ол төзімділікті де, қиындықтарға дайындықты да қажет ететін іс-шаралармен айналысады. Айғақтама журналисі әлілетсіздік, билікті теріс пайдалану, сыбайлас жемқорлық фактілерін ашу сынды күрделі іс-әрекеттерді басшылыққа алады.

Атау (2025) жүргізген зерттеуге сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдары аудиторияның сенімін арттыру, қоғам үшін маңызды оқиғалар туралы сапалы әрі жауапкершілікпен баяндау үшін журналистік айғақтама жүргізу әдістерін кеңейтуі қажет. Солардың бірі ретінде қазіргі таңда барлық салада белсенді қолданысқа енген жасанды интеллект технологиялары ұсынылады.

Жасанды интеллектті журналистік айғақтамаға интеграциялау ақпаратты жинау, өңдеу және талдау әдістерінің эволюциясындағы маңызды қадам ретінде сипатталады. Табиғи тілді өңдеу, машиналық оқыту мен деректерді талдау сияқты технологияларды қолдану ауқымды ақпаратпен тиімді жұмыс істеудің жаңа мүмкіндіктерін ашты. Осы құралдардың арқасында журналистер дәстүрлі тәсілде анықталуы қиын жасырын байланыстар мен маңызды мәліметтерді айшықтай отырып, жаппай деректер жиынтығын тез және дәл талдай алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл технологиялар журналистерге талдау процесін жеделдетіп, әдеттегі зерттеу әдістерін пайдалану кезінде анықтау қиынға соғатын деректердегі күрделі тенденцияларды, үлгілерді және ауытқуларды дәл табуға мүмкіндік береді. Мысалы, машиналық оқыту алгоритмдері мәтіннің негізгі бөліктерін автоматты түрде бөлектеп, ақпаратты жіктей және сұрыптай алады. Нәтижесінде, жасанды интеллектті пайдалану журналистерге нәтижелерді түсіндіру және қорытындыларды қалыптастыру сынды зерттеудің маңызды аспектілеріне назар аудару-

ға көмектеседі. Бұл өз кезегінде айғақтаманың сапасы мен жеделдігін айтарлықтай жақсартады (Schiffer, 2020).

Журналистикада ЖИ қолданудың маңызды бағыттарының бірі – фактілерді және ақпаратты тексеруді автоматтандыру. Функция журналистерге ықтимал жалған жаңалықтар немесе бұрмаланған мазмұнды анықтауға мүмкіндік береді (Flynn, Scorza, 2021).

Jamil-дің (2021) айтуынша, редакцияланған процестерді автоматтандыру бірнеше жылдан бері ірі жаңалық ұйымдарының жұмысының ажырамас бөлігіне айналды. Мәселен, «The New York Times» сынды әлемдегі жетекші медиа алыптар нақты уақыттағы деректерді тиімді жинау және өңдеу үшін жасанды интеллектке негізделген құралдарды белсенді пайдаланады. Осындай құралдардың бірі – Really Simple Syndication (RSS) технологиясы. Ол автоматты түрде жаңартылып, редакцияларға әртүрлі көздерден алынған жаңа деректерді беру арқылы ақпарат ағынын ұйымдастыруға жол ашады. Цифрлық технологияның өсуімен және жаңалықтарға жылдам қол жеткізу қажеттілігімен RSS арналарын пайдалану әртүрлі веб-сайттар мен жаңалықтар платформалары арасында айтарлықтай танымал болды. Сонымен қатар, «British Broadcasting Corporation» (BBC) сынды танымал жаңалықтар ұйымы көптеген дереккөздерден өзекті ақпараттарды алу және тақырыптардың ыңғайлы қысқаша мазмұнын қалыптастыру үшін RSS арналарын белсенді пайдаланады. Бұл технология оқырмандарға нақты уақыт режимінде жаңартылатын қысқаша ақпараттық жаңалықтар хабарландыруларын ұсынуға мүмкіндік береді, сәйкесінше, ақпаратты тарату тиімділігін едәуір арттырады (Moses, 2017).

Одан бөлек, Moses (2017) «The Guardian» газеті 2016 жылы Facebook әлеуметтік желісіндегі чатботты қолдана отырып, пайдаланушыларға жеке жаңалықтар мен мазмұнды жеткізудің инновациялық тәсілін енгізгенін атап өтті. Бұл бастама басылымға аудиторияның белсенділігін арттыруға және әр пайдаланушыға оның қалауы мен қызығушылығына бейімделген жаңалықтар ағынын ұсынуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, «The Washington Post» спорттық оқиғалар туралы есептер жасау үшін ЖИ қолдана отырып, журналистік процестерді автоматтандыруда одан әрі дамытқаны туралы деректер кездеседі. Аталған робот автомат алдын ала дайындалған шаблондар мен деректерді өңдеу ал-

горитмдерін қолдана отырып, әр түрлі спорттық матчтар туралы 850-ден астам есеп шығару мүмкіндігіне ие (Moses, 2017).

Sixto-Garcia және бірлескен авторлар (2022) атап өткендей, «Graphiq» сияқты жоғары технологиялық платформаларды пайдалану журналистиканың дамуындағы маңызды тенденцияларды көрсетеді. «Graphiq» платформасы графикалық материалдарды бақылау, құру, визуализациялау және талдау үшін машиналық оқытуды пайдаланады. Процесс инфографика мен жаңалықтардың визуалды элементтерін құруды айтарлықтай жеңілдетеді. Мұндай құралдарды «The New York Times» пен «Associated Press» басылымдарында қолдану қазіргі журналистік техниканың қаншалықты тез әрі тиімді дамып келе жатқанын растайды. Бұл инновациялар аудиторияға тек мәтіндік ақпаратты ғана емес, сонымен қатар жаңалық оқиғаларын тереңірек түсінуге және қабылдауға көмектесетін көрнекілеудің кең ауқымын ұсына отырып, түрлі ақпараттық материалдар жасауға мүмкіндік туғызады.

Журналистік айғақтамада жасанды интеллектті қолдану журналистердің жұмыс көкжиегін едәуір кеңейтетін және зерттеу тәсілдерін өзгертетін көптеген жаңа мүмкіндіктер ашады. ЖИ фактілерді тексеру процестерін айтарлықтай жақсартады, бұл әсіресе ақпараттың шамадан тыс жүктелуі мен жалған ақпараттардың таралуы дәуірінде маңызды. ЖИ негізіндегі құралдар әртүрлі көздерді автоматты түрде сканерлеп, ақпаратты салыстырып, мүмкін сәйкессіздіктерді анықтап, жалған мәлімдемелерді жоққа шығарады. Нәтижесінде, ЖИ қолдану журналистік материалдардың дәлдігі мен сенімділігін арттыруға көмектесіп, дұрыс емес ақпараттың таралу мүмкіндігін азайтады (Anderson & Fort, 2023).

Алайда, журналистік айғақтамада ЖИ қолдану кең мүмкіндіктермен қатар, мұқият көзқарас пен шешімді қажет ететін бірқатар маңызды мәселелер туындатады. Негізгі мәселелердің бірі – ақпараттың құпиялылығы мен қауіпсіздігі. Қазіргі заманғы жасанды интеллект құралдары үлкен көлемдегі ақпаратты, соның ішінде жеке деректерді өңдеуді қажет етеді. Бұл дереккөздердің құпиялылығын қорғау және құқықтық нормаларын сақтау туралы біршама мәселелерге әкеледі. Деректердің бұзылуы немесе құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу адамдардың беделі мен қауіпсіздігіне елеулі әсер етуі мүмкін жағдайларда, журналистер мұндай құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік стандарттарының сақталуын мұқият қадағалап отыруы керек.

Ақпарат көздері анонимді немесе қорғалған болуы мүмкін күрделі зерттеулерге қатысты деректер қауіпсіздігі үлкен сақтықты қажет етеді (Broussard et al, 2019).

Тағы бір маңызды мәселе – этикалық бұзылулар. Бұл технологиялар жаңалықтар жасау процесін едәуір жылдамдатуы мүмкін болса да, ЖИ-дің журналистік этиканың жоғары стандарттарына сәйкес келмейтін материалдарды әзірлеу барысында адами құндылықтардан аттап кетуі мүмкін. Бұл әділеттілік пен бейтараптық тұрғысынан журналистика саласында біржақты және әділетсіз зерттеулердің орын алуына әкеледі (Somorin, Ademola, 2024).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада Қазақстандағы зерттеу журналистерінің жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесін анықтау үшін сауалнама әдісі қолданылды. Әдіс зерттеу мақсатына жету үшін ең тиімді және қолайлы әдіс ретінде таңдалды. Себебі, ол журналистердің нақты тәжірибесі мен қабылдауы туралы толыққанды ақпарат алуға, сондай-ақ ЖИ технологиясының олардың жұмысына және зерттеу процесіне қалай әсер ететінін түсінуге мүмкіндік берді. Сауалнама әдісін қолдану жаңа технологиялардың журналистика саласына іс жүзінде қалай интеграцияланатынын түсінудегі маңызды қадам болып табылады. Сауалнама респонденттерге ЖИ қолдану кезінде кездесетін жеке тәжірибелер және қиындықтарымен бөлісуге, сондай-ақ зерттеу журналистикасы аясында осы технологияның болашағы туралы өз пікірлері мен көзқарастарын білдіруге мүмкіндік берді. Тәсіл жасанды интеллект құралдарын қолданудың техникалық аспектілерін, журналистерде кездесетін психологиялық және кәсіби кедергілерді, сондай-ақ қалыптасқан тәжірибеге инновацияны енгізу кезінде туындауы мүмкін қиындықтарды зерттеуге жол ашты.

Зерттеу материалы ретінде Қазақстанда айғақтамамен айналысу барысында ЖИ қолданатын журналистер таңдалды. Зерттеудегі журналистердің рөлі фактілерді анықтау және сыбайлас жемқорлықты әшкерелеу, одан бөлек ЖИ осы процесте маңызды құрал ретінде қалай қызмет ете алатынын бағалау тұрғысынан маңызды болды. Олардың жұмысы аналитикалық ойлаудың жоғары дәрежесін, көптеген деректерді өңдеу және қорытынды жасау қабілетін талап етеді. Сол себептен, таңдалған журналистер журналистика мен технологияның өза-

ра әрекеттесуін зерттеуге тамаша нысан болып табылады.

Деректерді жинаудың негізгі құралы ретінде ашық сұрақтары бар жартылай құрылымды сауалнама нұсқаулығы пайдаланылды. Нұсқаулық зерттеу мақсатына және журналистік айғақтамада жасанды интеллектті қолдану тәжірибесі туралы жан-жақты ақпарат алу қажеттілігіне қатысты бірқатар факторларға байланысты болды. Жартылай құрылымдалған тәсіл респонденттердің жауаптарына байланысты сауалнама барысын икемді түрде бейімдеуге, ал ашық сұрақтар қатысушыларға талқыланатын тақырып үшін маңызды аспектілерге баса назар аудара отырып, өз ойларын толық жеткізуге мүмкіндік берді.

Қатысушыларды таңдау үшін мақсатты іріктеу әдісі қолданылды. Оның аясында күнделікті жұмысынды ЖИ құралдарын қолдану тәжірибесі бар 20 журналист іріктелді. Зерттеу анонимді түрде жүргізілді және респонденттерге сауалнама нәтижесі ғылыми бағытта ғана қолданылатыны жеткізілді.

Нәтижелер және талқылаулар

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы журналистік айғақтамада жасанды интеллектің қолданылу тәжірибесін зерттеу және мүмкіндіктер мен туындайтын мәселелерді анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеуге айғақтамамен айналысатын 20 журналист қатысты. Олардың 12-сі (60%) – ер, ал 8-і (40%) – әйел. Қатысушылар 25 пен 55 жас аралығындағы әртүрлі жас топтары болды. Алайда іріктемедегі ең үлкен үлесті 30-40 жас аралығындағы журналистер құрады. Бұл осы салада айтарлықтай жұмыс тәжірибесі бар орта жастағы мамандардың басым екенін көрсетеді (кесте 1).

1-кесте – Зерттеуге қатысушыларды жынысы мен жасы бойынша бөлу

Параметр	Саны	Пайызы (%)
Жынысы		
Ер	12	60%
Әйел	8	40%
Жасы		
25-30 жас	4	20%
31-40 жас	10	50%
41-50 жас	4	20%
51 + жас	2	10%

Ескерту: автор құрастырған

Зерттеу барсында журналистер айғақтама тиімділігін арттыру және зерттеу сапасын жақсарту үшін жасанды интеллект технологияларының кең ауқымды түрлерін белсенді қолданатынын жеткізді (кесте 2). Құралдардың ең танымал санаттарының бірі – үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге және талдауға бағытталған технологиялар. Бұл құралдар журналистерге ақпаратты тиімді жинауға, жүйелеуге және талдауға мүмкіндік береді, әсіресе қаржы ағындарына, сыбайлас жемқорлық схемаларына және басқа да күрделі мәселелерге қатысты терең зерттеулер жүргізу кезінде өте маңызды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, үлкен деректерді талдауға арналған құралдар 70% жағдайда қолданылады.

Екінші танымал санат – кескіндер мен бейнелерді көрнекілеуге арналған автоматтандырылған жүйелер. Бұл құралдар журналистерге визуалды мазмұнды тиімді талдауға, материалдардың түпнұсқалығын растауға көмектеседі. Мысалы, мұндай технологиялардың көмегімен суреттер мен бейнежазбалардың ақиқатын тексеруге болады. Суреттер мен бейнелерді көрнекілеу жүйелерін қолдану 50% жағдайда тіркелді.

Мәтінді өңдеуге және мазмұнды талдауға арналған құралдар да маңызды бағыт саналады. Журналистар мұндай құралдарды 40% жағдайда қолданады. Бұл жүйелер журналистерге мәтіндік ақпараттың үлкен көлемін тез өңдеуге, заңдылықтарды анықтауға, семантикалық талдау жасауға, сонымен қатар белгілі бір гипотезаларды растайтын фактілерді іздеуді жеделдетуге мүмкіндік береді.

Жиналған деректерді, зерттеуге қатысқан респонденттер ұсынған жауаптарды талдау негізінде журналистер ең танымал ЖИ құралдарының қатарына, үлкен деректерді талдауға арналған IBM Watson, көрнекілеуге арналған Google Cloud Vision, мәтінді өңдеуге және мазмұнды талдауға арналған Grammarly, Hemingway Editor, сонымен қатар ақпаратты тексеруге арналған Tracg құралдарын жатқызды. Сондай-ақ, Chat GPT ең көп қолданылатын құрал ретінде аталды (кесте 3).

Жасанды интеллект құралдарын қолдануға келетін болсақ, респонденттердің көпшілігі бұл технологияларды жұмыс сапасын жақсартуға, тиімділікті арттыруға және бірқатар күнделікті процестерді автоматтандыруға бағытталған әртүрлі мақсаттарда қолданатынын жеткізді (кесте 4). Негізінен, ЖИ құралдары жазбаша дағдыларды жақсарту, зерттеулер жүргізу, мәтіндерді редакциялау және түзетулер енгізу үшін қолда-

нылады. Респонденттер үнемі кездесетін міндеттердің қатарына мәтіндік материалдарды жасау және редакциялауды жатқызды.

Фактілерді тексеру құралдарына, соның ішінде суреттердің, мәтіндердің және бейнематериалдардың дұрыстығын тексеруге ерекше назар аударылады. Жалған ақпарат пен манипу-

ляциялық материалдардың таралуы жағдайында мұндай құралдар сұранысқа ие. Айта кету керек, мұндай технологиялар айғақтамамен айналысатын журналистерге белгілі бір деректердің түпнұсқалығын растауға, одан бөлек шұғыл ақпаратты уақытылы жариялау үшін өте маңызды фактілерді жедел тексеруге мүмкіндік береді.

2-кесте – Журналистік айғақтама ЖИ қолданылу мақсаты

ЖИ қолданылу бағыты	Саны	Пайызы (%)
Үлкен көлемді деректерді талдау	14	70%
Көрнекілеу	10	50%
Мәтінді өңдеу және мазмұнды талдау	8	40%
Болжау және модельдеу	5	25%
Коммуникацияларды автоматтандыруға арналған чат-боттар	3	15%
Машиналық аударма және лингвистикалық талдау	2	10%

Ескерту: автор құрастырған

3-кесте – Журналистік айғақтамада қолданылатын ЖИ құралдары

ЖИ қолданылу бағыты	ЖИ құралдары	Саны	Пайызы (%)
Үлкен көлемді деректерді талдау	IBM Watson, Microsoft Azure AI, Palantir	14	70%
Көрнекілеу	Google Cloud Vision, Amazon Rekognition, Clarifai	10	50%
Мәтінді өңдеу және мазмұнды талдау	Grammarly, Hemingway Editor, TextRazor	8	40%
Болжау және модельдеу	DataRobot, RapidMiner	5	25%
Коммуникацияларды автоматтандыруға арналған чат-боттар	Dialogflow, ChatGPT, Botsify	3	15%
Машиналық аударма және лингвистикалық талдау	Google Translate DeepL, Microsoft Translator	2	10%

Ескерту: автор құрастырған

Сондай-ақ, респонденттер үшін дыбыспен жазылған материалдарды транскрипциялау үшін ЖИ құралдарын пайдалану маңызды болды. Бұл процесті автоматтандыру, әсіресе сұхбаттарды өңдеу, кездесулерді жазу және одан әрі талдау мен жариялау үшін мәтіндік форматқа аударуды қажет ететін аудио файлдарды өңдеу бойынша жұмысты айтарлықтай жылдамдатады. Нақтырақ айтқанда, қолмен транскрипциялауға кететін уақытты қысқартуға және процесті дәлірек етуге кең мүмкіндіктер ашады.

Сауалнамаға қатысқан респонденттер өз тәжірибелерінде қолданатын бірнеше танымал қосымшаларды атап өтті (кесте 3). Олардың ішінде мәтінді өңдеу құралдары, мысалы, автоматты

түзету функциялары бар мәтіндік редакторлар, сондай-ақ бейнені құруға және өңдеуге арналған бағдарламалар, сөйлеуді мәтінге автоматты түрде аудару функциялары бар. Бұдан басқа, фотосуреттер мен бейнелерді тексеруге арналған жүйелер сынды кескіндер мен бейнелерді тану құралдары да үлкен сұранысқа ие.

Сонымен қатар, зерттеу барысында журналистер ЖИ құралдарын пайдаланудың бірқатар артықшылықтарын атап өтті (кесте 4). Оның ішінде, журналистік айғақтамада жасанды интеллект құралдарын пайдалану деректерді талдаудың сапасы мен дәлдігін жақсартудан бастап, үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеу кезінде журналистің көмекшісі бола алады.

4-кесте – Журналистік айғақтамада ЖИ құралдарын қолдану артықшылықтары

ЖИ құралдары	Журналистік айғақтама жүргізумен байланысы
IBM Watson, Microsoft Azure AI, Palantir	Деректердің үлкен көлемін талдауға, жасырын байланыстар мен үлгілерді анықтауға, ақпаратты табуға және өңдеуге көмектеседі. Үлкен деректер массивтерін талдауды жеңілдетеді.
Google Cloud Vision, Amazon Rekognition, Clarifai	Кескіндер мен бейнелердегі нысандарды, беттерді және мәтінді анықтауға көмектеседі. Бұл визуалды дәлелдердің дұрыстығын тексеру және мультимедиялық материалдармен жұмыс істеу барысында маңызды.
Grammarly, Hemingway Editor, TextRazor	Мәтінді қателерді тексеруді автоматтандырады, материалдың стилі мен оқылуын жақсартады. Сонымен қатар, мәтіндік деректердің мазмұнын талдауға, кілт сөздер мен тақырыптарды анықтауға көмектеседі.
DataRobot, RapidMiner	Ықтимал сценарийлерді болжауға және модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл құралдар тәуекелдерді бағалауға, оқиғалардың динамикасын талдауға және айғақтаманың салдарын болжауға пайдалы.
Dialogflow, ChatGPT, Botsify	Ақпарат көздерімен өзара әрекеттесуді автоматтандырады, жиі қойылатын сұрақтарға жылдам жауап алуға және алдын ала болжамды сұхбат жүргізуге көмектеседі.
Google Translate DeepL, Microsoft Translator	Халықаралық айғақтама және басқа тілдердегі дереккөздермен жұмыс істеу үшін маңызды өртүрлі тілдерден материалдарды дәл және жедел аударуды қамтамасыз етеді.

Ескерту: автор құрастырған

Зерттеу аясында журналистер арасында ЖИ құралдарын пайдалануды қиындататын бірнеше маңызды кедергілер анықталды (кесте 5). Жұмыс тиімділігін арттыру, күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру және үлкен көлемдегі деректерді талдау мүмкіндіктерін кеңейту сынды артықшылықтарға қарамастан, бірқатар

факторлар ЖИ-ді журналистік тәжірибеге толық енгізуге кедергі келтіруді жалғастыруда. Осындай кедергілердің ішінде журналистердің технологияларды тиімді пайдалану қабілетіне айтарлықтай әсер ететін қаржылық, техникалық және этикалық аспектілерге ерекше көңіл бөлінді.

5-кесте – Журналистік айғақтамада жасанды интеллектті қолданудағы кедергілер

Кедергілер	Саны	Пайызы (%)
Технологияларды енгізуге келетін жоғары шығындар	13	65%
ЖИ-мен жұмыс істеуде білім мен тәжірибенің жетіспеуі	10	50%
Сапалы деректерге қол жеткізу мәселелері	9	45%
Техникалық қиындықтар (арнайы дағдыларға қажеттілік)	7	35%
Этика және деректердің құпиялылығы мәселелері	6	30%
ЖИ-ді жұмысқа біріктірудің сенімді құралдарының болмауы	4	20%

Ескерту: автор құрастырған

Кестеде көрсетілген мәліметтер негізінде ең үлкен кедергілердің бірі – жасанды интеллект технологияларын енгізу және пайдалану шығындары. Респонденттердің көпшілігі бағдарламалық жасақтаманы сатып алу, қызметкерлерді оқыту және техникалық қолдау шығындары, әсіресе тәуелсіз немесе бюджеті төмен медиа үшін қиынға соғатынын жеткізді. Сонымен қатар, бірқатар журналистер ЖИ құралдарымен

жұмыс істеу үшін білікті мамандардың немесе дағдылардың жетіспеушігіне тап болады. Соңғы жалдары жасанды интеллект белсенді дамып келе жатқанымен, мұндай технологияларды қолдану техникалық сауаттылықты, осы құралдармен алынған нәтижелерді талдау және түсіндіру қабілетін қажет етеді. Тағы бір мәселе – жасанды интеллектіні тиімді пайдалану үшін сапалы, құрылымдалған және қол-жетімді деректер қа-

жет. Алайда көптеген журналистер мұндай деректерді табуда және өңдеуде қиындықтарға тап болады.

Сондай-ақ, кейбір журналистер жасанды интеллектіні енгізу қолданыстағы жұмыс процестері мен жүйелерінде техникалық қиындықтар тудыратынын атап өтті. Бұл қосымша уақытты, білімді және үшінші тараптың техникалық қолдауын қажет етеді. Технологияларды интеграциялау мәселесі және мамандандырылған дағдыларға деген қажеттілік журналистикаға ЖИ-ді кеңінен енгізу мүмкіндігін шектейді.

Этика және деректерді қорғау журналистік қызметтің маңызды аспектілері саналады. Әсіресе, бұл дереккөздердің құпиялылығын сақтау және жеке ақпаратты қорғауға негізделген журналистік этика бойынша аса маңызды. Кейбір респонденттер ЖИ-ді қолдану этикалық стандарттардың бұзылуына әкелуі мүмкін деп кеңінен қолданудан бас тартады.

Осылайша, айғақтамамен айналысатын журналистер тәжірибесінде жасанды интеллектіні қолдану бойынша жүргізілген сауалнаманың нәтижелері журналистердің өз жұмысына жаңа технологияларды енгізу кезінде кездесетін оң аспектілерін де, елеулі кедергілерін де көрсетеді. Деректерді талдаудың тиімділігін арттыру, күнделікті процестерді автоматтандыру және зерттеу сапасын жақсарту сынды айқын артықшылықтарға қарамастан, журналистикада ЖИ қолдану бірқатар факторларға байланысты шектеулі болып қала береді.

Қорытынды

Зерттеу аясында Қазақстандағы журналистік айғақтама саласында жасанды интеллект құралдарын пайдалану тәжірибесі жан-жақты қарастырылды. Атап айтқанда, журналистердің күнделікті кәсіби қызметінде нақты қандай құралдарды қолданатыны анықталып, оларды қолдану барысында кездесетін қиындықтар мен шектеулерге талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттер ЖИ

технологиялары туралы хабардар және олардың басым бөлігі аталған құралдарды тәжірибеде тиімді пайдаланып келеді. Олар ЖИ-ді журналистика саласының түрлі аспектілерінде, атап айтқанда, мәтін жазу дағдыларын жетілдіру, дереккөздерге негізделген зерттеу жүргізу, мәтінді редакциялау мен түзету, фактілерді тексеру, аудио мен бейнежазбаларды транскрипциялау барысында сәтті қолданатынын атап өтті.

Сонымен қатар, зерттеу барысында ЖИ құралдарын кең ауқымда енгізуге кедергі келтіретін бірқатар факторлар да айқындалды. Атап айтқанда, қаржылық ресурстардың шектеулілігі, қажетті ақпарат пен оқыту мүмкіндіктерінің тапшылығы, технологиялық құзыреттіліктің жетіспеушілігі, сондай-ақ, дербес деректердің қауіпсіздігі мен ақпараттық құпиялылық мәселелері респонденттер үшін басты сын-тегеуріндер ретінде танылды. Көрсетілген мәселелер халықаралық ғылыми әдебиетте зерттеліп жүрген трендтермен үндес. Дамушы елдердегі журналистер үшін ЖИ құралдарын толыққанды әрі тиімді пайдалану көп жағдайда құрылымдық және институционалдық тосқауылдарға тіреліп отыр.

Аталған мәселелерді ескере отырып, зерттеу нәтижелері негізінде Қазақстан медиасаласында ЖИ технологияларын енгізу мен пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар нақты ұсыныстар тұжырымдалды. Мәселен, журналистерге арналған бағдарланған оқыту курстары мен тәжірибелік шеберлік сыныптарын ұйымдастыру, медиа ұйымдар мен ЖИ саласындағы мамандар арасындағы кәсіби ынтымақтастықты нығайту, бағдарламалық жасақтамаларға қолжетімді баға саясатын қалыптастыру, журналистік жобаларға қаржылық қолдау көрсету және тәжірибелі мамандардың желілік қауымдастығын құру сияқты бастамалар алға тартылды. Бұған қоса, сандық журналистика мен ЖИ технологиялары тоғысындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту да маңызды бағыт ретінде белгіленді.

References:

- Anderson, M.M., Fort, K. (2023). From the ground up, developing a practical ethical methodology for integrating AI into the industry. *AI & Society*, 38(2), 631-645. <https://doi.org/10.1007/s00146-022-01531-x>
- Asemah, E.S. (2011). *Principles and practice of mass communication* (2nd ed). Jos: Great Future.
- Atay, S. (2025). The Role of Independent and Alternative Media in Conducting Investigative Journalism. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series*, 150(1), 7–18. Retrieved from <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/653>

- Bjerknes, F. (2020). Inventive Factfinders: Investigative Journalism as Professional Self-representation, Marker of Identity and Boundary Work. *Journalism Practice*, 16(6), 1037-1056. <https://doi.org/10.1080/17512786.2020.1845780>
- Broussard, M., Diakopoulos, N., Guzman, A. L., Abebe, R., Dupagne, M., & Chuan, C.-H. (2019). Artificial Intelligence and Journalism. *Journalism & Mass Communication Quarterly*, 96(3), 673-695. <https://doi.org/10.1177/1077699019859901> (Original work published 2019)
- Dahal, R. (2023). Investigative Journalism in Nepal: Practice and Impact. *PRAGYAN A Peer Reviewed Multidisciplinary Journal*, 4(1), 118-131. DOI: 10.3126/pprmj.v4i1.67632
- Hoxha, A. (2019). Investigative Journalism. *The International Encyclopedia of Journalism Studies*. <https://doi.org/10.1002/9781118841570.iejs0134>
- Jaisal, M. K. (2024). Behind the Headlines Unmasking Truths of the Tragedy: Review of The Railway Men: The Untold Story of Bhopal 1984. *Journal of Communication and Management*, 3(02), 187–191. <https://doi.org/10.58966/JCM20243217>
- Jamil, S. (2020). Artificial Intelligence and Journalistic Practice: The Crossroads of Obstacles and Opportunities for the Pakistani Journalists. *Journalism Practice*, 15(10), 1400–1422. <https://doi.org/10.1080/17512786.2020.1788412>
- Moses, L. (2017). The Washington Post's robot reporter has published 850 articles in the past year. *Digiday*, 4.
- Schiffer, Z. (2020). The Impact of Artificial Intelligence on Investigative Journalism. *Journal of Investigative Journalism*, 5(2), 87-102. DOI: 10.5281/zenodo.15044995
- Sixto-García, J., Rodríguez-Vázquez, A. I., & Soengas-Pérez, X. (2020). Co-creation in North American and European digital native media: Web, social networks and offline spaces. *Journalism*, 23(9), 1955-1974. <https://doi.org/10.1177/1464884920984698> (Original work published 2022)
- Somorin, K. & Ademola, O.E. (2024). Ethical Imperatives in the Era of AI Journalism: Navigating the Intersection of Technology and Responsibility. *Humanities, Management, Arts, Education & the Social Sciences Journal*. 12 (2), 31-36. doi: 10.22624/aims/humanities/v12n2p4

Авторлар туралы мәліметтер:

Атай Шыңғыс Ақжолұлы (корреспондент-автор) – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының PhD докторанты (Қазақстан, Алматы, e-mail: darksmerty@gmail.com);

Владимирова Мария Борисовна – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, журналистика факультеті, бұқаралық ақпарат құралдарының теориясы мен экономикасы кафедрасының доценті (Ресей, Мәскеу, e-mail: tvmar2006@mail.ru);

Есенбек Жұмағали Бейсенбайұлы – PhD, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры (Қазақстан, Өскемен, e-mail: yessenbek.zhumagali@gmail.com);

Information about the authors:

Atay Shynggys Akzholuly (corresponding author) – PhD student at the Department of Print and Electronic Media, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: darksmerty@gmail.com);

Vladimirova Maria Borisovna – associate professor of the Department of theory and economics of Mass Media, Faculty of journalism, Moscow State University named after M.V. Lomonosov (Russia, Moscow, e-mail: tvmar2006@mail.ru);

Yessenbek Zhumagali Beisenbayevich – PhD, vice-rector for scientific work of S. Amanzholov East Kazakhstan University (Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, e-mail: yessenbek.zhumagali@gmail.com);

Сведения об авторах:

Атай Шыңғыс Ақжолұлы (корреспондентный автор) – PhD-докторант кафедры печати и электронных СМИ, факультет журналистики, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: darksmerty@gmail.com);

Владимирова Мария Борисовна – доцент кафедры теории и экономики средств массовой информации, факультет журналистики Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова (Москва, Россия, e-mail: tvmar2006@mail.ru);

Есенбек Жұмағали Бейсенбайұлы – PhD, проректор по научной работе Восточно-Казахстанского университета им. С. Аманжолова (Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: yessenbek.zhumagali@gmail.com);

Келін түсті: 29 мамыр 2025 жыл

Қабылданды: 3 тамыз 2025 жыл